

**«6D020100-Философия» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға дайындалған Балабекұлы Досжанның «Қазіргі заманғы Қазақстанның ақпараттық кеңістігі: әлеуметтік-философиялық талдау» тақырыбында жазылған диссертациялық жұмысына ресми**

## **СЫН-ШІКІР**

**1. Зерттеу тақырыбының өзектілігі мен оның жалпы ғылыми және жалпы мемлекеттік бағдарламалармен (практиканың және ғылым мен техника дамуының сұраныстарымен) байланысы.**

Аталған жұмыс қазіргі Қазақстандағы маңызды мәселелердің және қазіргі қоғамдық ахуалдағы мәні бар идеяларды қозғап отыр. Ақпараттық кеңістік біздің еліміз үшін әлеуметтік маңызы зор танымдық мазмұнды құрайды. Ақпараттық әлем жалпы алғанда кең ұғым. Осыған сәйкес, Қазақстанның рухани дүниесі жетіле түсетіндігі сөзсіз. Сондықтан да, автордың зерттеу аймағы қазіргі кезеңдегі қоғамдық сұраныстарға сәйкес келіп отыр.

Екіншіден, Қазақстандағы ақпараттық қоғамның даму келбеті төлтума ерекшеліктерімен де айқындалады. Бұл әрине, әрбір мемлекетке тән құбылыс. Сондықтан, әрбір ел өздерінің аймағындағы географиялық кеңістіксіз оңай таралатын ақпараттық аймақты сараптау үстінде. Осыған орай, біздің мемлекет ақпараттық кеңістік жөнінде әртүрлі интегративті пәнаралық байланыс негізінде зерттеулер жүргізіп келеді. Ал бұл жұмыс осындай маңызды мәселе аясында ақпараттық таным теориясын қажет етеді. Оның тек қана теориялық жақтары ғана емес, маңызды практикалық мәні бар болғандықтан, қазіргі таңдағы көкейкесті мәселелердің бірі деп айта аламыз. Досжан Балабекұлы ұсынып отырған және ғылыми таным дискурсына қойылған тақырып заманның шындығынан туындайтын өзекті еңбек. Қазіргі ақпараттық кеңістіктің өзі сұранып тұрған мәселелерін де қозғайды. Атап айтсақ, ақпараттық желілер және ондағы мәліметтер қоғамдық сана негізінде әлеуметтік философиялық тұрғыдан саралауды қажет етеді.

Үшіншіден, қазіргі жаһандану заманында ақпараттардың көптігі және олардың өзара бірлігі немесе қайшылыққа түсуі тереңірек зерттеуді керек етеді. Ал Қазақстан аймағындағы ақпараттардың кеңдігі қоғамдағы кез-келген адам санына байланысты бола алмайды, оған тәуелді де емес. Біздің елімізге жайылған ақпараттар өздігінен реттелетін жүйе болса да, оның құрылымдануы жалпы алғанда халқымыздың рухани танымдық деңгейі үшін аса қажет. Диссертант қазақ қоғамының эволюциясын қазіргі өркениет заманына орай талдап беру керек екендігін ұғынған сыңайлы.

Төртіншіден, бұл зерттеу жұмысының өзектілігіне тоқталар болсақ, біздің ақпараттық ортада керіағар мағлұматтардың тарап жатқандығы рас. Оларды сұрыптау ұлттық кодты сақтап қалудың теориялық деңгейінен

бастап қоғамдық өмірдегі жаңаша сипат алған кез-келген ақпараттарға қатысты болып келеді. Ендеше, отандық ақпараттық кеңістік әлемдік ақпараттардан ешқашан да тыс бола алмайды. Автор осындай өмір шындығына сәйкес ахуалдарды кеңінен қозғауға және ғылыми түрде таразылап өтуде тың тақырыпты таңдап алған. Бұл әлеуметтік рухани болмыстың сұраныстарынан туындайтын үдеріс. Өйткені, тек материалдық қана емес, рухани сұраныстар өзін-өзі қажет ететін гносеологиялық-эпистиомологиялық деңгей. Бұл тұста қазақстандық ақпараттық кеңістік өзінің қорғаныш тетіктерін құру үшін алдымен философиялық тұрғыға сүйенуі тиіс.

Бесіншіден, қазіргі әлемде барлық ақпараттар сұрыптаудан өте бермейді. Демек, біздің еліміздегі ақпараттық климат және оның келбеті әр жақтан берілген мәліметтерді, идеяларды пікірлерді байыппен саралайды. Бұның да тарихы әлеуметтік негіздері жоқ емес. Ол біздің ділімізде бұрыннан-ақ қалыптасқан дәстүр. Сондықтан да, бұл тақырыптың өзектілігі және мәні терең деп айта аламыз.

## **2. Диссертация тақырыбының «Ғылыми дәрежелер беру Ережелерінің» 2 тармағының талаптарына сәйкес ізденушінің қол жеткізген нәтижелерінің ғылыми жаңалығы.**

Диссертанттың зерттеу еңбектерінде негізінен алғанда мынадай алты ғылыми жаңалықтар ұсынылған.

1. Ақпарат туралы зерттеулерінде ол тарихи-логикалық талдауларға сүйене отырып, ақпараттардың қалыптасуы мен дамуының және оның қазіргі заманға тасымалдануының өзіндік құрылымдарын ұсынады. Автор ақпараттық кеңістік ұғымын таразылау барысында оның негізгі туыстас түсініктері мен генетикалық қатынас бойынша құрылған жүйесін игере отырып, концептуализация жасайды. Одан соң, ақпараттық қоғам, ақпараттық кеңістік, ақпараттарыру сияқты ұғымдарды сараптап, оларға өзіндік анықтамаларын ұсынады. Ол үшін бұған дейінгі зерттеген ғалымдардың пікірлерін де негізге алады.

2. Ақпараттық кеңістікті онтологиялық, мәдени-әлеуметтік тұрғыдан зерделеген диссертант «Кеңістік – ақпараттық кеңістік болмысы - рухани болмыс – рухани болмыс генезисі – рухани болмыс эволюциясы» мәселелер тізбегін қарастыра отырып, ақпараттар аймағының да әриқилығы мен танымдық негіздерін таразылайды. Ақпараттардың танымдық негіздері турасында: ақпараттарды қабылдау, сезіну, түйсіну мен бере алу жеке тұлғаның өзіндік шынай болмысына байланысты екендігі туралы пайымдаулар жасай келе, ол құбылыстардың өзіндік ерекшеліктерін көрсетіп береді.

3. Автор халқымыздың ақпараттарды қабылдау мен беріліс аясындағы ұрпақтар сабақтастығымен жалғасын тапқан фольклорға да тоқталып өтеді. Ол ақпараттардың ауызша берілісіндегі жады мәселесіне ерекше көңіл аударады және оның да динамикалы екендігін саралайды. Ақпараттардың қазақ қоғамындағы өзіндік ерекшеліктерінің тарихи тамырларын талдап беріп,

оның бүгінгі таңда көрініс тауып отырғандығын, сабақтастықтың сақталып келе жатқандығы туралы нақты пайымдауларын ұсынады.

4. XX-XXI ғасырлардағы Қазақстандағы ақпараттық кеңістіктің жалпы келбетін үш өлшемде қарастырған диссертант, оның идеологиялық сипатына баса назар аударады және таралу бағдарларын сипаттайды. XX ғасыр мен XXI ғасырдағы ақпараттардың ғаламдануға қатысты жағымды және жағымсыз қырлары болуы ықтимал екендігін басты назарға ала отырып, оны жіктеп көрсетеді. Ұлттық идея, Мәңгілік Ел идеясы, Ұлттық код сияқты түсініктер аясында оның идеологиялық құрылымдануын саралай келе, жалпы онымен бәсекелесін әр түрлі сырттан таңылған идеологияларға әлеуметтік философиялық негізде талдаулар жасайды.

5. Ақпараттық қоғам жағдайындағы тұлға мәселесін кеңінен талдаған диссертант оның әлеуметтік болмысының қазіргі заманға бейімделуінің өзіндік ерекшеліктерін таразылап өтеді. Желілірдегі виртуальді қатаныстардың өзіндік маңызы мен ерекшеліктерін жинақтап, ақпараттық, материалдық, саяси саладағы ақпараттық сферадағы адамның өз болмысын түбегейлі болмаса да, таным-түсінігін өзгертуге тура келетіндігі заман талабы екендігі хақынды тұжырымдар жасайды. Ақпараттардың тұлғаға берілуін атвор таным теориясына сүйеніп дәйектейді.

6. Ақпараттық қоғамның еліміздегі даму келбетіне тоқтала келе, оның теориялық және тәжірибелік жақтарын ұсынады: ақпараттар және ақпараттық әлемді, оны интенсивті түрде меңгерудің жаңа технологияларын жасау; ақпараттық кеңістіктегі мәліметтерді сұрыптаудың инновациялық әдістерін ұсыну. Осындай, сараптау арқылы ұлттық ақпараттық қауіпсіздікті сақтаудың өзіндік технологияларын зерттеу; болашақта болуы ықтимал ақпараттық әлемдік деңгейдегі орталықты елімізде құрудың үлгілерін ұсыну және оны тәжірибеде қолдану жөніндегі іргелі зерттеулер жүргізу т.б. ахуалдардың әлеуметтік философиялық негіздемелерін өз ойынша тиянақтайды.

**3. Ізденушінің диссертацияда тұжырымдалған әрбір нәтижесінің, тұжырымдары мен қорытындыларының негізделу және шынайылық дәрежесі.**

Диссертант қол жеткізген нәтижелердің дәйектелуі мен шынайылық деңгейін атап өтеміз.

Бірінші ғылыми нәтиже. Бұл нәтижені ұсыну бойынша автор ақпараттардағы тарихи таным үлгілерін зерделейді. Ол үшін диссертант барлық мәліметтердің жалпы алғанда, ақпараттар болып табылатындығы туралы түйін жасай отыра, К. Флекснердің «Ағартушы қоғам», У. Бектің қатерлі қоғам, Дж. Соростың ашық қоғам деген сияқты түсініктерін негізге алады. Ақпарат құбылысын, ақпараттардың биофизиологиялық-генетикалық негіздері және психологиялық-әлеуметтік қырлары мен саяси-мәдени негіздері бар екендігі туралы қортындыға келе отырып, құрылымдық талдауларға сүйенеді.

Екінші ғылыми нәтижеде де ізденуші ақпараттартық кеңістіктің философия тарихындағы түп тамырларына шолу жасайды. Одан соң қазіргі

заманғы зерттеушілер: И.А. Добровольская, Д.В. Буянов сынды ғалымдардың идеяларын басшылыққа алып, ақпараттық желілер, ақпараттық қорлар, ақпараттық жүйелер; ақпараттық мәдениет сынды түсініктерді таразылайды. Ақпараттық кеңістікті рухани әлемнің бір бөлігі ретінде қарастыруы да логикалық тұрғыдан бүтін мен бөліктің қатынасына сәйкес келеді.

Үшінші ғылыми нәтиже де ғылыми тұрғыдан негізделген. Автор өз идеяларын дәйектеу барысында халқымыздың әлеуметтік құрылымы мен жалпы рухани мәдениетінің дәстүрлі ерекшеліктерін негізге ала отырып, қазақтардағы ақпараттардың берілісі мен тасымалдануы туралы ғылыми пайымдаулар жасайды. Бұл тұста, жыраулар мен билердің еңбектерінен мысалдыр келтіріледі, тарихилық және эволюциялық дамудың үздіксіздігі мен сабақтастығы ұстанымдары қолданылады.

Төртінші ғылыми нәтижені дәйектеу барысында автор тарихи таным негіздеріне сүйене отырып, Қазақстандағы ақпараттық кеңістіктің даму эволюциясын саралауда жалпы отандық зерттеушілердің еңбектерін пайдаланады, заман шындығы турасындағы негізгі идеяларды басшылыққа алады. Жаһандану теориясы мен ақпараттық қоғам, постиндустриалдық қоғам тұжырымдамаларын басшылыққа алып, даму жөніндегі дәстүрлі қағидаттарды мысалдар ретінде келтіріп, өзінің идеялары мен пікірлерін түсіндіріп береді.

Бесінші ғылыми нәтижеде диссертант М. Маклюэннің, Ю. Леваданың, А. Райковтың, З. Темірболатовтың, Р. Патнэмнің, Э. Брукингтің, В. С. Мырзалының, О.В. Шлыкованың, П.Шаранның т.б. ғалымдардың еңбектерін басшылыққа алып, медиакеңістік, БАҚ мәліметтерді тасымалдауы, электронды үкімет, «Цифрлық Қазақстан» жағдайындағы әрқилы жаңашылдықтар мен инновациялық технологияларға әлеуметтік философиялық талдаулар жасаған диссертанттың бұл нәтижесі де ғылыми тұрғыдан негізделген.

Алтыншы ғылыми нәтиже де дәйектелген. Ол өз ойларын негіздеу барысында қазақтардың дүниетанымындағы сандар мистикасынан бастап, бүгінгі Цифрлық Қазақстанның негізгі даму стратегиясына сүйенеді. Сонымен қатар, қоғам дамуындағы еліміз ұстанып отырған басқа стратегияларды негізге ала отырып, ақпараттық кеңістіктің еліміздегі даму бағдарларын назардан тыс қалдырмайды. Болашақтың модельдерін құру мен құрылымдану әдістерін қолдана отырып, өзінің Қазақстандағы ақпараттық кеңістіктің дамуының перспективті түзілімін ұсынады. Сонымен қатар кей сәттерде ғылыми теориялық санадағы ақпараттар жөніндегі мәліметтер де қарастырылады.

**4. Ізденушінің диссертацияда қол жеткізген әрбір ғылыми нәтижелері, тұжырымдары мен қорытындыларының жаңалық дәрежесі.**

Еңбектегі ұсынылған нәтижелерді үш өлшемде қарастырамыз: толықтай жаңа, жаңа, салыстырмалы жаңа.

Бірінші нәтиже жаңа. Автор ақпараттық кеңістік зерттеудің әдіснамасын құра отырып, оның жалпы келбетіне талдаулар жасаудың

алғышарттарын зерделеу аясында өзіндік тың пікірлерін ұсынған, құбылыстар мен ұғымдарға түсіндірмелер берген.

Екінші нәтижеде ақпараттық кеңістік аясындағы зерттеулер аясында тарихи таным үдерістерін оңтайлы пайдалана білген және жеке пікірлері де жоқ емес. Сондықтан бұл нәтижені де жаңа деп айта аламыз.

Үшінші нәтиже салыстырмалы жаңа. Диссертант таным теориясы мен шет елдік және ресейлік ғалымдардан сілтемелерді көбірек алып, өзінің жеке тұжырымдары бойынша оларға талдаулар жасау деңгейі тиянақты емес.

Төртінші нәтиже толықтай жаңа. Ақпараттық кеңістік бойынша автор отанымыздағы мәліметтер жүйесін қазіргі заманғы БАҚ-мен, интернет желілерімен, басқа да ақпараттарды таратушы субектілермен байланыстыра карап тың қортындылар жасаған.

Бесінші нәтижеде қазіргі заманғы өзекті мәселелердің бірі – Цифрлы Қазақстан жағдайындағы ақпараттық құбылыстарды еркін талдайды. Ақпараттардың таралуындағы игілікті, адамзатқа пайдалы қырларын санамалап көрсетіп береді. Бұл нәтиже де жаңа болып табылады.

Алтыншы ғылыми нәтиже Қазақстандағы ақпараттық кеңістіктің даму эволюциясы мен болашақтағы келбетіне өзіндік тың ұсыныстарын білдіреді. Оны әртарапты бағытта, қоғамдық өмірдің әр саласына қатысты қолданудың ерекшеліктерін көрсетеді. Сондықтан бұл нәтижені де толықтай жаңа деп айта аламыз.

**5. Алынған нәтижелерінің ішкі бірлігінің бағалануы** бойынша диссертациялық жұмыс логикалық тұрғыдан жүйелі және ғылыми талаптар мен шарттарға толықтай сай келеді. Алынған сілтемелер мен одан шығарылған қортындылардың ара байланысы сақталған. Диссертанттың ойлау жүйесінде, баяндау әдістерінде де тиянақтылық бар. Ұсынылған нәтижелердің бір-бірінен туындап келуі, мазмұндарының ара байланысы құрылымданған.

#### **6. Зерттеу жұмысының теориялық және тәжірибелік мәнділігі.**

Бұл диссертацияның теориялық маңызы қазіргі Қазақстандағы ақпараттық мекемелерде, ақпараттарды зерттейтін басқа да ғылыми орталықтарда, сараптамышылар мен мәліметтерге цензура жасаушылардың қызметтерінде, еліміздің ақпараттық кеңістігінің дамуының арнайы жобасы мен тұжырымдарын жасаушылар үшін кеңінен қолдануға болады.

Зерттеудің тәжірибелік маңызы саясаттану, әлеуметтік философия, педагогика, әлеуметтану т.б. ғылымдарды оқыту барысында бұл жұмыстың матриалдарын тиімді пайдаланумен байланысты болады және «Ақпараттық кеңістік: теориясы мен тәжірибесі» атты арнайы курс ашып, оны білім беру жүйесіне енгізу де өз нәтижелерін береді.

**7. Диссертацияның негізгі қағидасының, нәтижесінің, тұжырымдары мен қорытындыларының жариялануының жеткілікті толықтығына растама.**

Диссертацияның негізгі қағидаларының жарияланымдарының саны мен мазмұны, көлемі PhD диссертациясын қорғаудың талаптарына толықтай сай келеді. ҚР БҒМ Білім және ғылым саласын бақылау жөніндегі комитеті

ұсынған отандық, ҚазҰУ Хабаршысында, Әл-Фараби журналында үш мақаласы мен Scopus базасына кіретін «Orsion» (Ано 36, Regular №91(2020):784-802) журналында 1 мақала жарияланған. Сонымен қатар, дөңгелек үстелдер, конференцияларда талқыланып, автордың негізгі идеялары бірнеше жинақтарда басылым көрді. Бұл мақалалар жұмыстың мазмұны мен негізгі идеяларын қамтиды.

#### **8. Диссертация мазмұнындағы және рәсімделуіндегі кемшіліктер.**

Диссертация толыққанды өз тақырыбына сай әлеуметтік философиялық мәселелерді қозғау аясында мақсатына жеткен. Әйтсе, де кейбір кездесіп қалатын кемшіліктер де жоқ емес.

Біріншіден, «ақпараттық кеңістік» мәтінде тым жиі қолданылады. Кейде бір абзацта екі рет те кездеседі. Соны басқа ұғымдармен алмастыруға да болатын еді.

Екіншіден, автор ақпараттардың сүзгісі туралы айтқанмен, оның нақты тетіктерін ғылыми теориялық тұрғыдан көрсетпейді.

Үшіншіден, отандық ойшылдарға сілтемелер азырақ келтірілген, көбінесе ресейлік және шет елдік ғалымдардың идеялары көрсетіледі.




Бірақ жоғарыда айтылған ұсыныстар мен кемшіліктер жұмыстың теориялық деңгейін түсірмейді. Бұл кемшіліктерді докторант өзінің болашақ зерттеулерінде ескереді деп санаймын.

#### **9. Диссертацияның «Ғылыми дәрежелер беру ережелерінің» 2-ші бөлімінің талаптарына сәйкестігі.**

Қорыта келе, «6D020100-Философия» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алу үшін дайындаған Балабекұлы Досжанның «Қазіргі заманның ақпараттық кеңістігі: әлеуметтік-философиялық талдау» атты тақырыпта дайындалған диссертациялық зерттеу еңбегі ҚР БҒМ Білім және ғылым саласын бақылау жөніндегі Комитетінің «Ғылыми дәрежелер беру ережелерінің» 2-бөлімінің талаптарына толықтай сәйкес келеді. Жұмыс теориялық мәнділігі жоғары, әлеуметтік философия мамандығына сай келеді, ғылыми-танымдық апараттары да жеткілікті, өзіндік идеялары да ұсынылған. Сондықтан бұл диссертацияны қорғауға ұсынамыз және оның авторы «6D020100 – Философия» мамандығы бойынша (PhD) докторы ғылыми дәрежесін беруге лайықты деп есептеймін.

#### **Ресми сын-пікір беруші:**

«Халықаралық ақпараттық технологиялар университеті»  
АҚ ассистент-профессоры,  
PhD докторы

Подпись указанного лица удостоверяю  
  
  
  
Е.Ж. Масанов